



Сыр бойы

№55 (20931) 15 сәуір, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi_kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

БІТІМГЕР – БЕЙБІТШІЛІКТІҢ ЕЛШІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық бітімгерлік құрам сапында табысты қызмет атқарып, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға зор үлес қосқан офицерлермен және сарбаздармен кездесті. Президент елімізге жүктелген жауапты міндетті жоғары деңгейде атқарып келген әскерилер ерлік пен батыллықтың озық үлгісін көрсеткенін, сол арқылы Ұлттық армиямыздың, тұтас мемлекетіміздің беделі көтерілгенін атап өтті.

– Бітімгер болу – бейбітшіліктің елшісі болу деген сөз. Бұл – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік, нағыз ержүрек жауынгерлердің қолынан келетін іс. Баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін. Қазір әлемдегі жағдай аса күрделі екенін білесіздер. Түрлі қақтығыстар болып жатыр. Өкінішке қарай, оның бәрін келіссөз арқылы шешу мүмкін болмай тұр. Мұндай кезде бітімгерлік миссиялары айрықша рөл атқарады. Қазақстан – бейбіт ел. Біз әлемде тұрақтылық орнатуды көздейтін барлық бастаманы қолдаймыз, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.



Президенттің айтуынша, еліміздің қарулы күштері 2014 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметіне өз үлесін қосып келеді. 80 азамат байқаушы және штаб офицері ретінде бірнеше миссияға атсалысып, 700-ге жуық әскери қызметші БҰҰ-ның арнайы операцияларына қатысқан. Мемлекет басшысы олардың ішінде Әлия мен Мәніштің, Хиуаздың жолын жалғаған жаужүрек арулар да бар екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген ел бітімгерлік күштерге қосылуға ұмтылатынына, бірақ бәріне бірдей сенім артыла бермейтініне назар аударды. Қазақстанға осындай мүмкіндік беріліп отырғанын, бұл ретте ұлттық армиямыз былтыр тағы бір тарихи қадам жасағанын айтты.

– Қазақстан алғаш рет бітімгерлік міндетін дербес орындауға кірісті. Голан жоталарындағы операция аясында Біріккен Ұлттар Ұйымымен қарым-қатынасымыз мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Біз толыққанды бітімгерлік күштері бар елдердің қатарына қосылдық. Қазақстан – осы салада мол тәжірибе жинақтаған Орталық Азиядағы бірден-бір мемлекет, – деді Президент.

2-бет



ШЕБЕРЛІГІ ШЫҢДАЛҒАН МАМАН

Қызылорда қаласының тұрғыны Қайрат Ахметов уақыт сұранысына сай электрлік мамандығын таңдаған. Шаһарды жарықпен қамтамасыз ететін мекемелерде еңбек етіп келеді.

Ол 9-сыныптан кейін С.Ысқаков атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжіне түсіп, электрлік мамандығын алды. Колледж қабырғасында да белсенді студент атанды. Ұстаздарынан болашақ кәсібінің қыр-сырын меңгеріп шықты. Еңбекке ерте араласып, үнемі ізденісте жүретін алғыр жастың талабы таудай болды. Оқу бітіргеннен кейін еңбек жолын жеке компаниядан бастады. Онда он жылдай еңбек етіп, 2019 жылы қаланы энергиямен жабдықтаушы «Энергосервис» ЕЖШС мекемесіне ауысты.

– Осы салада жүргеніме 15 жылдай болды. Колледжді бітіре сала жұмысқа тұрдым. Сол уақытта жол көрсетер, бағыт-бағдар берер жандар көп болды. Білікті мамандардан тәлім-тәрбие алдым. Солардың үйреткенін өмірлік тәжірибеде қолданып келемін. Жұмысқа деген қызығушылығым артты. Кәсібімнің қиындығына қарамастан сүйсіненілігімен атқарамын, – дейді ол.

Бүгінде шеберлігі шыңдалған электрлік «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ мекемесіне жұмысқа орналасты.

– Кезекшілікпен жұмыс істейміз. Біздің мекеме қаланы жарықпен толық қамтамасыз етеді. Көше бойындағы электр сымдарын жаңғырту жұмыстарымен де айналысамыз. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Жалпы, жұмыстың оңайы жоқ. Бийікке көтерілген сайын ток күшінің қуаты да соңшалықты қауіпті. Сондықтан қауіпсіздік техникасы мен шараларын қатаң ұстанамыз. Ауа райының қолайсыздығына қарамай, уақытпен санаспай, қиындықтарға берілмей жүктелген тапсырмаларды тиянақты орындаймыз. Біздің басты міндетіміз – желілердің сенімді әрі сапалы жұмысын қадағалау, – дейді ол.



Кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіріп, еңбеккерлігінің арқасында басшылық құрамның да сеніміне ие болған ол ортасына сыйлы, біліктілігі үшін де талай мәрте алғыс хатпен марапатталды.

Расында, жұмысшы мамандықтар – еліміздің әл-ауқатын көтеретін күш. Сол себепті оларды мемлекет тарапынан қолдауға ерекше басымдық берілуде. Күнделікті азық-түлік, киім-кешек, сынды қажетті тауарлар да жұмысшылардың еңбегінің арқасында келеді. Жайлы баспана да қарапайым құрылысшының еңбегінің нәтижесінде соғылады. Қай істің басы-қасында жұмысшы мамандар жүреді. Еселі еңбектің арқасында халықтың тұрмысы түзеледі. Қайрат та күндіз-түні электр желілерін жаңғыртып, жөндеп, жанадан ашылған кәсіпорын, мекеме мен тұрғын үйлерді жарықпен қамтамасыз етіп келеді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



БИЫЛ ЖАҢА «ДОСТЫҚ ҮЙІ» САЛЫНАДЫ



Облыс әкімі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай кеңейтілген кеңес өтті. Басқосуға жауапты сала басшылары, қала, аудан әкімдері мен зиялы қауым өкілдері, ҚХА мүшелері қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлайды.

Аймақ басшысы Ассамблея қызметінің маңыздылығын айтып, өңірдегі ауқымды іс-шараларға тоқталды.

– Баршаныңды береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерекесімен құттықтаймын. Осы жылдар ішінде Ассамблея халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін жалпыұлттық келісімнің негізіне айналды.

Өңірдегі соңғы жылдары маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Құрылыс қарқын алып, ел игілігі үшін әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріміз күн санап өсіп келеді.

Бүгінде барлық аудандағы «Руханият орталықтарында» елдің ынтымағын нығайтуға бағытталған маңызды жобалар іске асырылуда. Орталықтардағы «Қоғамдық келісім» кабинеттері этнос өкілдерінің мәдени-рухани бірегейлігін дамытуға мүмкіндік береді.

/// САРАП

Табиғи ресурстарға бай еліміздегі газ саласы – ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі. Кейінгі жылдары газ өнеркәсібі серпінді даму үстінде. Өндіру көлемі артып, жаңа зауыттар салынууда, ішкі және экспорттық құбырлар желісі кеңейіп келеді. Бұл үрдіс Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына және халықтың әлеуметтік әл-ауқатының жақсаруына оң әсерін тигізуде.

Қазіргі уақытта елімізде табиғи газ өндіру жылына 55 млрд текше метрден асты. Бірақ оның үштен бірі жер қабатына кері айдалады. Шамамен 20 млрд текше метрден астамы ғана тауарлы газға айналады. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 86,5 млрд текше метрге жетеді деп болжануда. Еліміз алдағы жылдары газ өндіру мен өңдеу көлемін ұлғайтуды, тасымалдау жүйесін цифрландыруды мақсат етіп отыр. Сондай-ақ ішкі нарықты толық қамтып, экспорттық бағытты әртараптырмақ. Осы ретте еліміздегі газ саласының дамуына оның ішінде Сыр өңірінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталмақпыз. Әуелі елдегі ахуалдан бастасақ.

ГАЗДАНДЫРУ: 20 ЖЫЛДАҒЫ ҚАРЫМДЫ ҚАДАМ

ҰСЫНЫС СҰРАНЫСТЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРА МА?

Мемлекет басшысы 2021 жылдың маусымындағы газ саласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте «Газ саласы әлеуметтік-экономикалық дамуда маңызды орын алады. Елде газ тұтыну жыл сайын артып келеді, бірақ өндіру қарқыны бұл өсуге сәйкес келмейді. Өнеркәсіптік нысандарды газға көшіру бойынша жаңа жобалар іске қосылууда. «Көгілдір отынды» тұтынатын халық саны өсуде. Сондықтан газға деген сұраныс тек өседі. Ұсыныс сұранысты қанағаттандыруы тиіс» деген болатын. Бұл ретте елімізде ауқымды жұмыс атқарылууда.

Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 59 млрд м³ газ өндірілген. Ал халықтың қамтылу деңгейі – 61,8%.



Қолжазба: Қуаныш Оразбаев

2-бет

Валюта бағамы: \$ 514,94 kzt

€ 583,74 kzt

₸ 6,13 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +21°

☾️ +10°

Сәрсенбі ☀️ +21°

☾️ +7°

БІТІМГЕР – БЕЙБІТШІЛІКТІҢ ЕЛШІСІ

Жоғарғы Бас колбасшы сарбаздарды маңызды миссияларға даярлау ісіне айрықша назар аударды. Оның айтуынша, аз уақыт ішінде әскери қызметшілерді түрлі дағдыларға бейімдеп, оларды халықаралық стандарттарға сай құрал-жабдықтармен түгел қамтамасыз ету үшін сапалы жұмыс атқарылады.

— Бұл әскеріміздің аса күрделі міндеттерді орындауға қабілетті екенін көрсетеді. Сіздер Сирия дағдарысының шешуші сәтінде ұтымды әрі батыл әрекет жасадыңыздар. Қазақстан армиясының кәсіби деңгейі жоғары екенін дәлелдеп бердіңіздер. Сол күндері қазақ жауынгерінің асқар рухы мен қайсарлығына бүкіл әлем куә болды. Сіздер қауіпті аймақтарда жұмыс істеп, ерен ерлік көрсетіп, мол тәжірибе жинап келдіңіздер. Енді осы тәжірибені бөлісіп, басқа да әскери қызметшілерді үйрету қажет. Бітімгерлік миссия кезінде менгерген жаңа дағдыларды еліміздің әскер даярлау жүйесіне енгізу өте маңызды, — деді Мемлекет басшысы.

Қазір еліміздің 158 азаматы Африка және Таяу Шығыс аймағында бітімгерлік қызметте жүр. Болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында өтіп жатқан басқа да миссияларға қатысуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, Қазақстан жер жүзіндегі бейбітшілік пен келісімді нығайтуға белсенді түрде атсалыса бермек.

— Қарулы күштер — еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Ең алдымен, сарбаздары мен офицерлерінің рухы асқақ, кәсіби деңгейі жоғары, жауынгерлік машығы мінсіз, тәртіп пен тазалықты мұлтіксіз сақтайтын әскер қуатты болады. Армия — қайсарлыққа баулитын, жергірді жанитын нағыз мектеп. Сіздер азаматтық борыш пен әскери антқа адалдық танытып, шынайы патриотизмнің үлгісін көрсеттіңіздер. Мінсіз қызметтеріңіз — өскелең ұрпаққа өнеге. Мемлекет басшысы ретінде мен қауіпсіздік және құқық қорғау саласына әрдайым айрықша көңіл бөлемін. Жақында Ақордада арнаулы жасактар арасындағы беделді халықаралық жарыстан жұлдемен орылан күштік құрылым қызметкерлерін марапаттадық. Жалпы, әскери бөлімдер мен күштік құрылымдардың беделі мен даярлық деңгейі едәуір өсті. Құқық қорғау және арнаулы органдар қылмыспен күресте, терроризм мен есірткі бизнесінің жолына тосқауыл қоюда тиімділігін көрсетіп келеді. Алайда босансуға мүлде болмайды. Алдымызда мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайту міндеті тұр, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан өмір сүруге қолайлы және қауіпсіз ел болуға тиіс деп санайды. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті шара қабылданып жатыр.

— «Заң мен тәртіп», отаншылдық пен жауапкершілік — әскери қызметшілерге ғана емес, еліміздің барлық азаматтарына ортақ аса маңызды құндылықтар. Осы жасампаз қасиеттер қоғамда жан-жақты дәріптелуге тиіс. Себебі біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілерге жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқарғаны үшін тағы да алғыс айтып, оларға тілекші болған жақындары мен отбасыларына ризашылығын білдірді.

— Қазаққа «Ердің ісі — елдің ісі» деген сөз бар. Сіздер елдік пен ерліктің туын биік ұстап жүрісіздер. Алдағы уақытта да қасиетті Отанымызды қорғап, табанды еңбек етесіздер деп сенемін. Армиямыздың айыбын арта берсін! Еліміз аман, әскеріміз қуатты болсын! — деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы әскери борышын үлгілі атқарғаны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясын жүзеге асыру барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ әскери қызметшіні мемлекеттік наградалармен марапаттады.

АГРОӨНЕРКӘСІП: ІСКЕРЛІК ІЛГЕРІЛЕТЕДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобаларды талқылау жөнінде мәжіліс өтті. Оған жауапты сала басшылары, жоба бастамашылары қатысты.

Мемлекет басшысының Жолдауында берілген тапсырмаларды орындау жөніндегі жалпұлттық іс-шараларда ірі инвестициялық жобаларды Солтүстік Қазақстан облысы тәжірибесімен қаржы-

ландыру көзделген. Бағдарламаның мақсаты — АӨК-де жаңа жобалар құру немесе қолданыстағыларды кеңейту. Негізгі бағыты — тауарлы сүт фермалары, ет бағытындағы құс

фабрикалары, мал шаруашылығы кәсіпорындары, көкөніс, жеміс сақтау қоймалары, өнеркәсіптік жылыжай шаруашылығы. Жүн мен теріні терең өңдейтін, буып-түю материалдарын өндіретін

кәсіпорындарды, тауарлы балық, басқа да су жануарларын өсіретін шаруашылықтарды, қой фермаларын өркендетуге басымдық берілген.

Өткен жылы Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде 5 жобаға, атап айтқанда, Қызылорда қаласында 2, Арал ауданында 3 жобаға республикалық бюджеттен қаражат бөлінді. Биыл тағы 6 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Аудандардағы әлеуетті жобалардың, яғни 11 жобаның пулы қалыптастырылды.

Аймақ басшысы биылға қарастырылған инвестициялық жобаларды 1 мамырға дейін ұсынды тапсырды. Одан бөлек, 1 шілдеге дейін 2026, 2027, 2028 жылдарға ұсынылатын жобалар тізімін облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына жолдау, республикадан бөлінген қаражатты мерзімінде әрі толық игеру міндеттелді.

— Инвестиция тарту Қызылорда қаласы, аудан әкімдерінің әрқайсысының жеке жауапкершілігінде, — деді облыс әкімі.

ГАЗДАНДЫРУ: 20 ЖЫЛДАҒЫ ҚАРЫМДЫ ҚАДАМ

«Көгілдір отынды» тұтыну көрсеткіші жыл санап үлкен қарқынмен өсіп келе жатқандықтан, өндірісті арттырып, инвестиция тарту керек. Мамандар газдандыру жұмыстарын жандандыруды әрі қарай жалғастырмаса, инвестиция тартып мәселені реттемесе, халықтың сұранысы өтелмейтінін айтады. Сөзімізге түздік болсын, жыл басында Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов Премьер-министрдің бірінші орынбасары Р.Склярға депутаттық сауал жолдап, ұсыныс білдірді.

Оның айтуынша, еліміздің 5 өңірінде газдандыру деңгейі 20%-дан ас. Ақмола облысы 5,7%, Қарағанды облысы 3,4 %, Ұлытау облысы 3,5%, ШҚО 3,2 %, Астана қаласы 14,3%.

— Өткен жылдың қорытындысы бойынша елімізде газдандыру деңгейі халық санымен 61,8% болғанымен, 6386 елді мекеннің 1846-сына ғана «табиғи газдың» игілігін көруде. Мысалы, Қызылорда облысында 236 елді мекеннің 38-і, Түркістан облысында 831 елді мекеннің 477-сі, Жамбыл облысында 371 елді мекеннің 277-сі, Алматы облысында 384 елді мекеннің 157-сі, Жетісу облысында 358 елді мекеннің 65-і газдандырылған.

Десе де, шешімі табылмаған мәселелер жетеді. Оны біз елді аралау барысында көріп отырмыз. Арғыны қойып, соңғы 50 жыл бойы «көгілдір отын» арман болған қарақоз халқымыз бар. Былтыр депутаттардың тікелей араласуымен газдандыру үшін республикалық бюджеттен 88,7 млрд теңге бөлінсе, 2025 жылы 55 жобаға (16 жалғасып жатқан, 29 жаңа жоба) 65 млрд теңге көзделген. Бұл қаражат теңізге тамшы құйғанмен тең. Бөлінген қаржымен бұрыннан келе жатқан жобалардың жыртығын жамайды.

Өзінізге мәлім, Президенттің әлемдік деңгейде абырой-беделі мен ұтымды саясатының арқасында елге триллиондаған инвестиция тартылып жатыр. Соғардың бірі — «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының 2-желісі. Жоба құны — шамамен 3,1 трлн теңге. Бұл — Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі ең ірі инфрақұрылымдық жобаларының бірі. Жоба арқылы Астана, Алматы, Шымкент қалалары және Қызылорда, Қарағанды, Түркістан, Жамбыл, Ұлытау, Алматы облыстарын газбен қамтамасыз етуге болады. Сондай-ақ көптеген жұмыс орны ашылады. Бұл жоба «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында көзделген.

Еліміздің әр ауылына газ келіп, құмқым жұрт мәз болатын күн туатынына сенеміз. Осы ретте, Үкімет елді мекендерді газдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыру қажет. Сондықтан келесі мәселелерді қарастыруыңызды сұраймыз.

Бірінші — елдің инфраструктурасын дамыту үшін жыл сайын газдандыру жобаларына барлық қаражат көздерінен (бюджеттен, «Самұрық-Қазына», «QazaqGas») кем дегенде 400 млрд теңге қаржы қарастыру. Жаңа жобаларды алға тарту.

Екінші — Президент тапсырмасына сәйкес «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының 2-желісінің құрылысын тездетіп бастауымыз қажет. Өйткені жыл сайын халықтың газ тұтынуы артып келеді.

Үшінші, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» жобасының жалғасы ретінде, «Қызылорда-Астана-Көкшетау-Петропавл», «Ақтөбе-Қостанай» және «Талдықорған-Ұшарал» магистральдық газ құбыры жобаларын қолға алып, қаржы механизмдерін қарастырған жөн, — дейді депутат М.Жайымбетов өз ұсынысында.

Қалай десек те, газбен қамтуда тұтынушының сұранысын өтеу — халықтың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды кепілі. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мұндай мәселе көптеген елде газ құнын нарықта реттеу арқылы шешілген. Ал жеке инвесторлар саланың тұрақты түрде дамуына мүмкіндік жасайды.

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ГАЗДАНДЫРЫЛҒАНЫНА – 20 ЖЫЛ

Газ саласы — тек экономикалық өсімнің драйвері ғана емес, сонымен қатар елдің экономикалық өсуінің ең маңызды мультипликативті әсерлерінің бірі. Елді газдандыру жобалары арқасында елді мекендерге құбыр тартылып, экологиялық жағдай жақсарып, тұрмыстық жағдай жеңілдей түсті. Осы ретте аймақтағы газдандыру жұмыстарына ерекше тоқталып өткен жөн.

Сыр жұртшылығының «көгілдір отынның» игілігін көргеніне 20 жылдан асып барады. Аймақта 1995 жылы «Құмкөл» кенішін игеруге шетелдік инвесторлар тартылған болатын. Компания кеніштерде ілесіе газды пайдалануға қатысты бірқатар шараны жүзеге асырып, «Қызылорда қаласының жылу көздерін және тұрғын үй секторын ілесіе газға көшіру» жобасы қолға алынды. 2004 жылы «Ақшабұлақ-Қызылорда» магистральді газ құбырының құрылысы басталды.

2014 жылы «Бейнеу-Шымкент» магистральді газ

құбыры пайдалануға беріліп, 2015 жылы 4 аудан орталығы — Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған және Байқоңыр қаласы, «Тасбөгет» кенті мен Қызылжарма ауылы газға қосылды. Көп ұзамай қалаға қарасты «Белкөл» кенті мен «Талсуат» елді мекенінің халқы да «көгілдір отынның» игілігін көрді. 2017-2018 жылдары Жосалы, Теренөзек, Жалағаш кенттеріне арнайы жоба жасалып, газ тарту станциялары салына бастады. 2019-2020 жылдары жоба Аралдағы Жаксықылыш кенті, Шиелінің «Байсын» ауылы, Қазалыға қарасты Ғ.Мұратбаев және қала маңындағы «Қарауылтөбе» елді мекендерінде жалғасын тапты. Ал 2021 жылы Шиелідегі Ш.Қодаманов, Н.Бекежанов ауылдарына газ құбыры тартылды. Осылайша облыс тұрғындарын газдандырудың жаңа кезеңі басталды.

2022 жылы аймақта 10 жоба жүзеге асты. Қалаға қарасты Ж.Маханбетов пен «Наурыз», Жаңақорғандағы «Бірлік пен «Қыраш», Аралдағы «Сексеуіл» кенті, Қармақшы ауданындағы «Төреам» мен «Ақай» ауылы, Қазалыдағы «Басықар», Жалалтөс баһадүр және К.Пірімов елді мекендері, Шиелідегі М.Шоқай ауылына газ тарту стансасын салу жұмыстары қолға алынды. Ал 2023 жылы 26 газбен жабдықтау жобасын жүзеге асыруға 8,3 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде республикалық бюджеттен 7,3 млрд теңге, облыстық бюджеттен 1,1 млрд теңге қаралды. Бұл қаржыға 2022 жылы басталған 6 жоба жалғасса, 19 жаңа жобаның құрылысы басталды. Нәтижесінде 2023 жылдың соңында 12 елді мекеннің, яғни «Төретам», «Ақай», Махамбетов, Абай, Досан, Қалжан ахун, «Бірлік», «Қыраш», «Жайылма», Құттықожа, «Шалқия», «Кейден» ауылдарын газдандыру жобасы аяқталды.

Табиғи газ өңірімізге 20 жыл бұрын келсе де, бүгінде газдандыру деңгейі бойынша республика бойынша 6-орында орналасқан.

Былтыр да өңірде ауқымды жұмыстар жасалып, «көгілдір отынның» игілігін көргендер қатары көбейді. Мәселен, өткен жылы газдандыру жобаларына 30 млрд теңгеден аса қаржы бөлінді.

— Бөлінген қаржыға 11 елді мекенде («Алмалы», «Ақтоған», «Бестам», Абай, «Төретам», «Төменарық», «Ақсу», Шәменов, Сейфуллин, Токмағанбетов, «Сексеуіл») газдандыру жұмыстары толығымен аяқталып, табиғи газға қосылды. Жоспарланған 400 шақырым газ құбырының орнына, 461 шақырым (115%) газ құбыры салынды. Осылайша өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстың газбен қамту деңгейі 78 пайызға, газдандырылған елді мекен саны 46-ға жетті, — дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Ізмағанбетов.

БЫЫЛҒЫ МЕЖЕ

Жыл жақсылығымен басталды. «Шижаға», «Ортақ-шыл», Ақтан батыр, қалаға қарасты Баймұрат батыр, «Талдыарал» елді мекендерінде газдандыру жұмыстары аяқталып, газ жүйесіне қосылды. Сонымен қатар, жыл соңына дейін 5 елді мекен — «Қамыстыбас», Дүр Өңгар, «Шаған», «Сабаалақ» Н.Ілиясов тұрғындары қол жеткізетін болады. Халықты қамту деңгейін 83 пайызға өсіру жоспарлануда.

Қазіргі таңда облыс аумағында 44,6 млрд теңгенің 13 жобасы жүзеге асырылуда. Одан бөлек аудан әкімдіктері 8,2 млрд теңгенің 9 жаңа жобасын қаржыландыруға ұсынаған. Олардың қатарында Аралдың «Қамыстыбас», Қазалының Бекарыстан би, Жанқожа батыр, Түктібаев, Жалағаштың «Қаракеткен», Далабай, Сырдарияның «Ақжарма», «Бесарық», «Шіркейші», Жаңақорғанның 5 елді мекені бар.

Сонымен қатар Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария және Шиелі ауданы әкімдіктері 8 елді мекенді газдандыру бойынша жоба-сметалық құжаттама әзірлеуде («Майдакөл», «Ііркөл», Төребай би, Бұқарбай батыр, «Қоғалыкөл», «Іікәрдария», Жансейіт, «21 разьезд»).

— Бүгінгі күні облыс халқын табиғи газбен қамту деңгейі 80 пайыз.

Барлық қала (Қызылорда, Байқоңыр, Арал, Қазалы) мен аудан орталықтары және 40 ауыл табиғи газға қосылған.

Биыл газдандыру жобаларына республикалық бюджеттен 4,6 млрд теңге, облыстық бюджеттен 1,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыға 11 жоба жүзеге асырылмақшы. Осылайша облыстың газбен қамту деңгейін 82 пайызға, газдандырылған елді мекен санын 55-ке жеткізу жоспарлануда, — дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары.

Жалпы биыл елді мекендерді газдандыру жобаларын республикалық бюджеттен қаржыландыруға 15 жоба бойынша 18,2 млрд теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылған. Аталған жобалар жүзеге асса тұрғындардың тұрмыс тауқыметі азаяры сөзсіз. Бастысы, ел игілігі жолында қолға алынған дүниелерге қолдау бар.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



«ҚАН ОРТАЛЫҒЫ» ҺӘМ МЕДИЦИНАДАҒЫ МҮМКІНДІК

Қызылордадағы денсаулық сақтау инфрақұрылымы жаңа нысандармен толығып келеді. Кейінгі үш жылда құны 58 млрд 300 млн теңгені құрайтын 45 денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңарту жұмысы жүргізілді. Сырдың сол жағалауынан орын тепкен жаңа «Қан орталығы» — соның бірі. Былтыр жазда халық игілігіне берілген медициналық нысан бүгінде қарқынды жұмыс істеуде.



Облыстық «Қан орталығы» қаладағы және жеті аудандағы 17 медициналық ұйымды қан өнімдерімен қамтамасыз етеді. Жылына орта есеппен 13 000-нан астам тұрғын қан тапсыруға ниеттенеді. Соның ішінде 10 000-нан астамы қан тапсырады. Қалғандары денсаулығына байланысты және әртүрлі себеппен қан тапсырудан шеттетіледі. Былтыр донорлардан 8980,5 литр қан дайындалған, олар емдеу мекемелерінің сұранысы бойынша жіберіліп отырады.

Айта кету керек, бұған дейін «Қан орталығының» өз алдына жеке ғимараты болған жоқ. Облыстық көпбейінді аурухананың бір бөлігінде орналасқан еді. Жұмыс барысында орын тапшылығы сезілетін, санитарлық ереже мен норма талаптарына сәйкес келмейтін.

Мәселен, инфекцияларды диагностикалау зертханасы, қанды тестілеу, сапаны бақылау, зарарсыздандыру бөлімшелері бір бөлмеден тұрды. Медициналық жабдықтар да өте тығыз орналасты. Ал санитарлық ереже мен норма талаптарына сәйкес 8-10 мың литр консервленген қан дайындалатын орталықтағы инфекцияларды диагностикалау зертханасында 17, клинко-биохимиялық зертханада 10, иммунологиялық зертханада 12, сапаны бақылау бөлімшесінде 19 бөлме болуы қажет. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау аясында және облыс әкімінің бастамасымен орталық жаңа заманауи ғимаратқа көшті.

Жылына он мың адамға қызмет көрсете алатын нысанның аймақ үшін маңызы зор. Өйткені мемлекеттің негізгі мақсаты — ұлт денсаулығын сақтау.

Айта кетейік, құрылысқа республикалық бюджеттен 2,7 млрд теңге бөлінген. Заманауи, зәуліл ғимарат барлық талаптарға сай жарактандырылған. Сонымен қатар 913 млн теңгеге заманауи үлгідегі медициналық құрылғылар, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қанның инфекциялардан таза, таза еместігін тексеретін соңғы үлгідегі заманауи автоматтандырылған ИФА, ПЦР аппараттары бар. Орталықта 96 қызметкер еңбек етеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірде жалпы құны 10,2 млрд теңгені құрайтын 27 нысан салу көзделген. Жоба бойынша 2023 жылы 15, былтыр 12, атап айтқанда 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік және 1 меди-

циналық бекет пайдалануға берілді. Сонымен қатар былтыр Шиелі көпбейінді аудандық ауруханасымен қосымша және жұқпалы аурулар ауруханасы құрылысына ҚР Үкіметінің резервінен 1,7 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстарының 60-70%-ы орындалған.

Биыл арнаулы мемлекеттік қор есебінен Шиелі Арал, Жаңақорған, Қазалы көпбейінді аудандық ауруханаларға ғимаратына қосымша құрылыс салу үшін 7 млрд теңгеге жуық қаржы болу жоспарланған.

2022 жылы «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында Жалағаш ауданы «Тан» ауылында жалпы құны 140 млн теңгені құрайтын дәрігерлік амбулатория ғимараты іске қосылса, Қызылорда қаласында жалпы құны 567 млн 200 мың теңгеге екі нысан іске қосылды.


2022 жылы Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде республикалық бюджет есебінен құны 2 млрд 700 млн теңгеге ауысымына 250 келіге арналған аудандық емхана ғимараты іске қосылды, дәл сол жылы ауылдық елді мекендерде 6 медициналық бекет (Арал ауданы «Тастүбек», «Жалғыз-ағым» Қазалы ауданы «Жұбан», «Жалпақ», Шиелі ауданы «Тоғайлы», «Ақтам» салынды. Былтыр жергілікті бюджет есебінен 966 млн теңгеге Жаңақорған ауданы «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса, 15 төсектік ауылдық аурухана ғимараты және 1 млрд 300 млн теңгеге Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсектік ауылдық аурухана пайдалануға берілді. Облыс орталығында 36 млрд 400 млн теңгеге 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы жүруде. Сонымен қатар құны 410 млн 700 мың теңгеге Жаңақорған аудандық аурухана базасында «Қамқорлық» оналту орталығы ашылды, дәл осындай орталық Арал аудандық аурухана базасында ашылады деп күтілуде.

Облыстың барлық ауылдарындағы денсаулық сақтау ұйымдарына 245 жаңа санитарлық автокөлік алынып, жедел жәрдем мәселесі толықтай шешілді.

Саладағы инфрақұрылымның жақсаруы, материалдық-техникалық базаның нығаюы тұрғындар саулығын сақтауда түрлі озық әдістерді енгізуге, бұрын-соңды болмаған күрделі оталардың жасалуына зор ықпалын тигізуде. Мәселен, бір ғана жыл басында жасалған бауыр трансплантациясы Сыр медицинасының мол мүмкіндігін аңғартса керек.

Айнұр БАТТАЛОВА,

«Сыр бойы»



— Жок, к
— сау адам
Латвия
шайма
жүргө
айлар
согуст
питал
рет ж
тин

«Жок, кайдагы елге кайту? Бас-аягы ая адам Ленинград, Эстония, Литва, Латвия калаларын жаудан босатуу шайкасынын да как ортасында жүргөн. 1945 жылдын бастапкы айларынын бирінде Рига түбүндөгү согышта ауыр жаракаттанган, госпитальга түскөн. Өкөм, жалпы төрт рет жаракат алган. Сол прибалтика майданында жүргүндө «Даңк» орденимен марапатталган. Женис күнүн де Ригадө карсы алган. Бул мамилеттин бэри Ресей федерациясы корганыс министринин орталык архивинен келди.



— Ойпырай, не деген жанкештилик. Ленинград каласы 900 күн-гүн жаудын коршауында болды. 1944 жылдын жазында гана коршаудан толук тазартылды. Ал Латвиянын астанасы Рига 1944 жылдың казан айында Прибалтика майдаанынын (2-3 майдан) жауынгерлері азат этті. Тарих осылай дейді. Демек, экеніз Ызбайр Шамалұлы Жүсіпов осы қанды жорықта ауыр жараланды. Арал каласынан экенінің атына көше берілу рәсімін ерлікке тағзым деуге болады.

– Елге келіп, сырқатынан айыққасын жұмысқа қосылған болар?

– Иә, обаға қарсы күрес стансасында еңбек етті. Анамыз Маутай Молымбетқызымен бас қосып, бақуатты өмір сүрді.

– Сүхбат бергеніңізге көп-көп рақмет.

**Шәкірат
ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
дербес зейнеткер.
Арал қаласы**

шөберелерінің ортасында мәуелі бәйтеректей өмір кешуде. Балалары көз тип, шетіней берген соң ырымдап Рая апамыздың кіндігін татарға кестіріп, есімін осылай атаған екен. Расында Рая апамыз аман қалып, артынан ерген інісі Мұқанмедкали да тұрақтаған.

1925 жылы астана Орынбордан Ақмешітке көшіп келген жиналыста құжаттарға өз мөрін көп қойған. Сол кездері Ақмешіттің көшелері тар және қысық, Маркс пен Энгельс аталатын екі көшесіне ғана тас төселгенін, құрылыс материалдары түйемен жеткізілігнен айтып отыратын.

Кенес үкіметі орнаған кезде Ленин, Калинин, «Қызыл ту» деген үш қолхозды басқарған. Голощекин тұсында қыспақа ұшырап, 1928 жылы Ташкентке жер аударылып кетеді. Ол жақта мешітте азанның болып, өзбек ағайындар бұл кісінің діни сауатына тәңті баған.

Ташкентте ішіп-жемі, малы болып, елдегілер ашаршылық азабын тартып жатқанда ол мұндай қиындықты басынан өткермеген. Артынан іздеп келген інілеріне азық-түлік беріп тұрған. Қлағға көзге түсіп қалмау үшін топ-

тұрған. Оларға көзге түспей қалмау үшін, топтасып емес, бір-бірілеп келіп тұрындар дейді екен. Ағайынның қиын-қыстау кезеңнен аман шығуына, ашаршылықтың құрбанына айналып кетпеуіне септігі тиген. Өзі қаншама жыл болыс болғанмен, дәулет жимаған, азын-аулақ мал ұстаған.

Жер аударылганда үй-жайымды көмпеске-
леп, үстімдегі киіммен қалдым дейді екен.
Үркіншілік басылған кезде өз еліне кел-
се, ауылдың тең жартысы жоқ. Аштықтан
Қарадөңгеліктегі жер еліне қатан. Түйеке

Қарақалпақстанға жер ауып кеткен. Үйіне жерің, ұзақ жол жүріп, сонда жетеді. Алдынан Айша қарындасы шығып сізді де көретін күн бар екен ғой деп жылпал көрісті. Соныңда кішкентай баласы бар. Ол Мәжіт ағай екен. Бір-бірін аман көрген ағайынның қуанышында шек болмайды. Сәйді сол кешкіңіз басыншына барып «мына адамдарға 2 күн тегін тамақ беріңіз, бұл күйінде елге жете алмайды» деп айтқан. Елге келіп екі жақтағы ағайынның басын қосқан.

Мереке, жын-тойларда 1,5 жасар баспа-
пен көкпәр тартылатын. Ауыл адамдары-
нын көрөтін қызығы сол ғана еді. Құрбан
айт мерекесінің бірінші күні күрес ұйым-
дастырып, бірінші болып өзі түскен. Кейін-
нен Омаров Есім атты інісін күреске қатыс-
тырған, оның әдісшiлдiгiне, ептiлiгiне ырза
болып отырады екен.

Ұрпақтары өзі өмір сүрген кезеңнің қиыншылығын көп көрген, сөйтіп жүріп ысылған, ағайыннан арасын алшақтатпаған асыл ердің есімі есте қалуы керек деп есептейді. Бұл өткенге құрметтің үлгісі ретінде келешекке өнеге болары сөзсіз.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Осыдан тура бір ғасыр бұрынғы Қызылордадағы Қазақ АКСР астанасы атанғаны, сол кездегі есті Ақмешіттің бел-бейнесі, жаңа астананы орнықтауда атқарылған жұмыстар жайлы ізденгенде, тарихи құжаттармен қатар қазақ әдебиетінің туындыларына жүгінеміз. Сондай шығарманың бірі – Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романының «Есео жылдары» атты үшінші кітабы. Ондағы «Көңілді сапар» атты тарауда 1925 жылғы 15-19 сәуірде Ақмешітте өткен Қазақстан кеңестерінің V съезі қарсаңындағы қарбалас, сол уақыттағы қаланың жай-күйі суреттелген.

Бүгін осы тарауды ықшамдап, оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Көңілді сапар



акыңга, Кажымукан сиякты балуанга серік боландыктан, Орынбор мен Акмешіттің арасындағы көзді талдыратын шетсіз-шексіз шөл даладан, бұйра құмдардан калай өтіп, Акмешітке қалай таянғанымызды ангармай да калыппыз. Біз келе жатқан состав әлдене разьезге тоқтай калу себебін проводниктен сұрасак (бұған дейін разьездерге тоқтамай келе жатқамыз):

- Бұйрық солай, – дейді ол.
- Не үшін берілген, ондай бұйрық?
- Білмеймін. Менің білетінім, Ақмешітке дейін бұдан басқа разъезд де, станция да жоқ.
- Қанша жер, сонда Ақмешіт?
- Он километр.

Ол айтпай-ақ білгім келіп тұрған адам, вагоннан түсіп қарасам, составтың орта тұсындағы (үкімет вагоны) аталатын екі вагоннан да адам жерге көбірек түсіп жатыр екен, өзге вагондардан там-тұмдап қана.

Бергі (үкімет вагонында) обкомның бірінші секретары – Нанейшвили мен ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі – Сұлтанбек Қожанов келе жатқан. Сұлтанбекпен Орынборда, бірге жатқан мейманханада танысып, бірнеше жолығасқаным бар.

...Содан кейін Сұлтанбек Қожановпен кездесуім – Орынбордан Ақмешітке жөнеп бара жатқан пойыздың үстінде. Оған да себеп – Сұлтанбек Қожановтың өзі болды. Ол мейлінше көпшіл адам болатын. Естугімізше, «ұлқан қызметкерім» демеі, бұрын да базарларға, мектептерге, студенттердің жатақ

үйлеріне... дегендей, көпшілік жүретін жерлерге жиі араласады дейтін. Ол сөздің анығын Орынборда көрдік. «Қожанов онда барыпты, мұнда барыпты, олай депті, бұлай депті...» деген хабар күн сайын естіліп жатты. Бір күні біздің рабфактың жатақханасына келіп (мен жөк едім), бөлмелерді аралап, студенттермен

көнөсөп, калжындасып, асханага барып тамак ичип кетипти. Буунысын біреулер «көпшілдігі» десе, енді біреулер «көсөм болуга даярланып жүрү», көптің ыкыласын өзине тарту» деседі.

Сұлтанбек осы көпшілдігін бір күні пойыз ішінде де көрсөтсін, состав жүйткі айдап келе жаткан шақта біздің вагонга да кіріп келді. Оның келгенін каттырак сөйлөгөндөгі акцентінен аңгардык.

– Әлгі қазақтың атақты балуаны, атақты әншісі, атақты ақыны қай купелерде? – деп айғайлай кірді. Коридорға жүгіре шықсам, бері беттеп келеді екен.

– Ә-ә, Тәбит, (Ол «с» әрпін арабтың «ци» аталатын әрпіне жақындатып, тілінің ұшын тістей айтатын. «Ци» қазақ алфавитінде жоқтықтан, оған жақындау «т»-ны қолдандым) сен де осында ма едің? – деді ол қолын ұсынып. – Қажымұқан қай күпеле?

– Аанад, – дедім мен қолыммен нұсқап.
– Иса мен Әміре ше?
– Бұнда!..
– Бәрінді қонакқа шақыра келдім, – деді ол, Қажымұқанның купесіне жиналған Иса, Әміре, Қажымұқанның әрқайсысын саусағымен нұсқап, – Тәбит, сені де!.. Кәне, кәзір жүріңдер!

Өзгөмүз барайык дегенмен, Кажымүркүн:
«Алла сарасын!» Пойыз айдал келе жатканда
вагон арасынан калай өтөм? Жөнө бир емес,
бирнеше вагон арасынан? Кулап өлөр жай-
ым жок» деп көндөдү. Акыры, бир станцияга
токтоганда гана Кожановтун салон-ваго-
нына барып, бирнеше сагат өлмө мөжлөк
жасап кайттык. Сонда кээде, Сүлтанбек
шынында да адамшылык касиеттери мол, ойы-
нычы, күлкүлү, эзикчү, кеңескор, әдебиет
пен көркөмөүнөргү сүйөтү кичи экен.

Содан кейін жолғасуым, пойыз Ақмешітке таяу разьезге тоқтаған шақта. Неге тоқтауын білгім кеп, жұрт жиналған «үкімет вагондарының» қасына барсам, қызық оқиға болғалы жатыр екен: қайдан және қашаннан келе жатқан салт екенін білмеймін (меніңше,

ондай салт бұрын да, кейін де болған емес), паровоз алдына рельстен жүретін аласа темір вагонетка тіркеліпті де, КирЦИК председателі Сейтқали Меңдешев пен секретары Аралбаев соған мініп, состав Акмешітке дейін ақыры ғана жылжып баратын бопты. Оларды вагонеткаға Қожанов және Республика наркомдары апырып мінізді. Сонда мені көрген Сұлтанбек:

Онысы рас екен. Пойыз ақырын жылжи бастады. Оның жүрісіне жаяу кісі де ілесетін. Жолдың екі жағынан да ойдым-ойдым қамысты саздар кездесіп отырады.

екен, эйтпесе жол бойы анталаган калың адам составты бөгөп, жүргүзбей де коятын. Жылкычан составка жаюу да, келіктік де (аттылы, түпелі, өгізді, есекті...) илесе алатын болган сон сазсыз жерге лат койып алдымызды коршап алады да, паровоз үздіксіз жэне катты бакырган сон, эрен сыргын жол береди. Олар составты жай коршамай, у-шу, азан-казан дауыспен коршап, кулакты тундырып жибереди. Оган паровоздын уздиксіз окнуи косылмада естен тангандай боласын.

Қазақта «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» деген мақал бар. Сол айтқандай, мен лезде шұға да үйрендім. Маған шула-са қарсы алған халық та қызық. Бірақ олар, сюжетсіз нашар кинокартинада көз алдыңнан тез өтіп, көңілде сақтап үлгермейтін объек-тілер сияқты мидан берік орын алмайды.

...Қалың жұрттың арасын осылайша қақ жарған пойыз Ақмешіт станциясына келіп тоқтады. Ол арада да ошарылған халықта қисап жоқ екен. Орынбордағы милиция мектебінің курсанттары бар, республикалық және

жергілікті милиция қызметкерлері бар – бәрі жиналып, үкімет адамдарының вокзалдан ері өтуіне жолды әрең ашты. Ар жақ башылары кең алаң екен. Осы алаңға биік жасаған минбердің үстінде митинг өткізілді. Оны ашушы – Сырдария облыстық партия комитетінің секретары, бізге белгілі Әбілхайыр Досов.

Ақмешіт вокзалының ішкі алаңында Әбділхайыр Досов басқарған митингте көп адам сөйледі. Олардың басым көпшілігінің кім екені есімде жоқ. Есімде ең берік қалған шешеннің біреуі: арық, ұзын денелі, мұрны қоңиқан, көздері кішірек, қоңыр өңді бала жігіт. Ол пионерлер атынан сөйледі. Кейін білсем, белгілі ақындарымыздың бірі Әбділда Тәжібаев екен.

Ол кездгд Акмешіт – екі атажды үйі бірена-
сан баса, өзге үйлерінің басым көпшілігі
бір атаждан, олардың басым көпшілігі ша-
сыптан каланған, күйдірген кірпіштен
салынған аумақты үйлері азгантай, көшелері
тар және кысык. Сол көшелерінің екі шетіне
де тізілген ағаштар (әсіресе ак теректер)
калып боп өскен, көшелерді жіктеп арық
аққан. «Марск» пен «Энгельс» аталатын екі
көшесіне жана тас төселген, өзге көшелерінің
бары бүркыраған шан. Үйлерінің төбелері
тайпак, әр үйдің қорасында жеміс бағашы
бар. Сырдарияның теріскей жақ кабағына
орнаған Азияның шағын жана провинциялы
қаласы экен.

Сызге келген делегаттарға арналған айналасыз кезі кіріпші қорғанмен қоршалған, оның ішіндегі біртұялы үй күйдегі кіріпшітен салынып, шатырларды қанықтырған жабылған жайлар екен. Бұл үйлер жуық араға дейін жындыхана болған. Қазақстан үкіметі оған-дана мекемелері жайғасуға осыған қолайлы үй қалада болмағандықтан, жындыхана Ақмешіттен қырық шақырым жердегі «Аламе-т» аталатын бір орына көшірілген. Деле-гаттар осы үйлерге сыйғанышты орналасты-да, қалғандары жаз бол тұрған мектеп сияқты мекемелерде жайғасты.

(Жалғасы бар)

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

КӘСІБІНІҢ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТКЕНДЕР



Өткен жылы әлеуметтік жағынан осал топтағы 520 қызылордалық «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша қайтарымсыз грантқа қол жеткізді. Соның басым бөлігі арманындағы кәсібін мемлекет қолдауының арқасында жүзеге асырып келеді. Жергілікті ақпарат құралдарының өкілдері жуырда өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз туры барысында жұмысын жолға қойған бірқатар кәсіпкердің тыныс-тіршілігімен танысты.

шыларым бар, мерекелік торттар мен тәттілерге сұраныс толастаған емес, – деді жеке кәсіпкер.

Кезекті кейіпкеріміз көпбалалы ана Әсем Әлімова да – хоббиін бизнеске бағыттағандардың бірі. Ол «Аква әлем» жобасын қолға алып, көздің жауын аларлық балық түрлерін өсіріп отыр.

– Біз аквариум жасап, балықтарды көбейтуге көңіл бөлеміз. Аквариумды қолдан кесіп, силикон арқылы жабыстырамыз. Ал су маржандарын Тайланд пен Индонезиядан алдырамыз. Бүгінде бізде балықтың 30-ға жуық түрі бар. Олардың күтімі бөлек. Біздің өңірде бұл таңсық іске сұраныс жоғары, басқа жастан да тапсырыс беретіндер бар, – деді ол.

Кәсіпкерлік саласын дамыту мақсатында әлеуметтік қорғауға мұқтаж азаматтарды қолдау үшін мемлекет тарапынан қайтарымсыз гранттар беру жалғасуда. Быыл «Мансап» орталығы арқылы шағын бизнесін ашуға ниетті 476 қызылордалыққа грант беру жоспарланып отыр.

– Ол 400 астам есептік көрсеткіш көлемінде. Қайтарымсыз қаржыны көпбалалы аналар, ерекше қажеттілігі бар бала асыраушы, атаулы әлеуметтік көмек алушы, мүмкіндігі шектеулі адамдар, қандастар ала алады. Быыл сәуір, мамыр айларында комиссия отырысы өтпек, – деді Қызылорда қалалық «Мансап» орталығы филиалының директоры Жақсылық Төлегенов.

Өкінішке қарай, бюджет қаражатын орынсыз жұмсайтындар да табылады. Мысалы, өткен жылы 97 адамның грантты мақсатсыз пайдаланғаны анықталды. Сөйтіп, сот шешімімен олар алған сомасын мемлекет бюджетіне қайтаруға міндеттелді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

АРДАҚТЫ АЗАМАТҚА ҚҰРМЕТ

Қызылорда қаласындағы «Локомотив» стадионында футболдан 2013-2014 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер арасында ішкі істер саласының ардагері Мейірбек Досымовты еске алуға арналған облыстық ашық турнир өтті. Оған облыс орталығы мен бірқатар ауданнан 10 команда қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов жас өрендерге сәттілік тіледі. Сондай-ақ әріптестері, достары және туыстары ардақты азамат жөнінде естелік әңгімесін айтты.

– Мейірбек саналы ғұмырында құқық қорғау саласында жемісті еңбек етті. 1980 жылы Алматы қаласында политехникалық институттың тау-кен факультетін бітіргеннен кейін аздаған уақыт мамандығы бойынша еңбек етті. Содан кейін құқық қорғау саласына ауысып, ұзақ уақыт бойы қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бойынша халыққа қалтқысыз қызмет етті. Ол өзінің өмір жолында жастарға үлгі боларлық істер атқарды, ағайын-туыс пен әріптестері арасында зор абыйроға ие болды. Сондықтан ардақты азаматтың жарқын бейнесі жадымыздан өшпейді деуге толық негіз бар. Оның футболға қызығушылығы бар еді, – дейді досы Мақсұт Жайсаңбаев.

Турнир барысында №6 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің өрендері жеңімпаз атанды. Ал Шиелі ауданынан келген команда екінші орынға тұрақтаса, Қызылорда қаласындағы «Наман ата» спорт клубының ойыншылары үздік үштікке тұрақтады.

«СБ» ақпарат



«ҚАЙСАР» ҚЫЗДАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСІ

Футболдан қыздар арасында ел чемпионатына алғаш рет қатысып жатқан «Қайсар» футбол клубы жаңа маусымды жеңіспен бастады.

Талдықорғанда жергілікті «Жетісу» клубымен кездескен олар қарсыласынан 3:2 есебімен басым түсті. Ойын барысында Құндыз Қожахмет стандарттан қос голдың авторы атанса, алаң иелерінен бір футболшы өз қақпасына гол соғып алды.

Жергілікті маман Берік Сансызбаев командада бас бапкер қызметін атқарады. Оған Сәкен Науке-нов көмекшілік жасайды.

Биыл ел чемпионатында ойын көрсететін ерлер клубтарының әйелдер құрамалары да толықтай қатысады. Өткен жылы чемпионатқа тек 4 өңірден 5 команда ғана тіркелген еді.

Қазақстан Премьер-лигасы сайтында көрсетілгеніндей, биыл тур-

нирде «Атырау», «Жетісу» (Талдықорған), «Астана», «Елімай» (Семей), «Қайсар» (Қызылорда), «Қызылжар» (Петропавл), «Ақтөбе», «Ұлытау» (Жезқазған), «Қайрат» (Алматы), «Томирис-Тұран» (Түркістан), «Окжетпес» (Кокшетау), «БИК» (Шымкент), «Тобыл» (Костанай) және «Женіс» (Астана) сынды 14 команда сынға түседі.

Сондай-ақ биыл әр команда сапында кемінде қазақстандық футбол мектебінің 13 түлегі болуға тігес деген талап қойылып отыр. Оған 2009 жылы және одан ерте дүниеге келген футболшылар қатыса алады.

«СБ» ақпарат



АЙМАҚТЫҚ СЕМИНАР – ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

Тереңөзек кентінде ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған «Ағылшын тілін оқыту: ізденіс, тәжірибе, нәтиже» атты облыстық семинар өтті. Оны Қызылорда облыстық оқу орталығы мен Сырдария аудандық білім бөлімі бірлесіп ұйымдастырды.

Іс-шараның басты мақсаты мектеп мұғалімдерінің ағылшын тілін оқытудағы кәсіби тәжірибесін жетілдіру, тиімді әдістермен талқылау арқылы оқу нәтижесін жақсарту және өзара тәжірибе алмасу негізінде ұсыныстар әзірлеу болатын.

Семинарға облыстық оқу орталығы жалпы орта білім беру бөлімінің әдіскері Ақсәуле Ахметова, Қызылорда облыстық ағылшын тілі мұғалімдері ассоциациясының вице-президенті Ләззат Фазылова, Назарбаев Зияткерлік мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Мадина Рашитова және халықаралық волонтер Дениз Ван Дер Мерв қатысып, Жанақорған, Шиелі, Жалағаш, Қазалы, Арал аудандарынан келген мұғалімдер мен әдіскерлер белсене араласты.

Сырдария аудандық білім бөлімінің басшысы Еркеұлан Жақып, облыстық оқу орталығының әдіскері Ақсәуле Ахметова семинарды ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Іс-шараның мазмұнды әрі сапалы өтуіне Сырдария ауданының ағылшын тілі пәні мұғалімі зор үлес қосты. Олар өз тәжірибелерін ортаға салып, әдістемелік тұрғыда жоғары деңгейде дайындалған шеберлік семинар өткізді. Атап айтқанда, №129 мектеп-лицей мұғалімі Раушан Абдраманова

аудан тарихын, пән мұғалімдері мен оқушылардың жетістіктерін таныстырса, №44 орта мектеп мұғалімі Гүлжазира Абдалиева, №36 мектеп-лицей мұғалімдері Қарлығаш Садуова мен Жанася Садуова шеберлік сағаттарын ұсынды.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі Мадина Рашитова мен халықаралық волонтер Дениз Ван Дер Мервтің бірлескен презентациясы іс-шараның мазмұнды өзегіне айналды. «Инновациялық оқыту стратегиялары – табысты оқытуға жетелеу» атты тааныстырылым заманауи әдістер мен оқушының тілдік дағдысын дамытуға арналған практикалық құралдарымен ерекшеленді.

Семинарда «ҚазТЭА» және Британ консулдігінің бірлескен жобасының курс фасилитаторы Батима Қожабаева іс-тәжірибесін, курс менторы Мөлдір Есембаева мен қатысушысы, Шиелі ауданының ағылшын тілі мұғалімі Жанася Палымбетова «Британдық кенестің ресурстары негізінде ағылшын тілін оқыту» жобасы бойынша өткізілген екі курстың мазмұны жайлы ойын бөлісті. Жалағаш ауданының ағылшын тілі пәні мұғалімі Гүлдана Каипова курс материалдарын қолданып, қандай нәтижеге жеткені жайлы презентация жасады.

«СБ» ақпарат

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күннің күрделі мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекsinде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекsinде көзделген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазақстан – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң қабылдаған және осы мәселе бойынша халықаралық конвенцияға мүше болған алғашқы ТМД елдерінің бірі.

Әрбір азамат жемқорлық қылмыс жасағаны үшін, атағы

мен лауазымына қарамастан, белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылатыны белгілі.

Жемқорлықты жоюды мақсат еткен әрбір азамат қазіргі біздің алдымызда өсіп келе жатқан келешек ұрпақты бала күннен бастап Отанға деген сүйіспеншілікке, адалдыққа тәрбиелеу керек. Осы тәрбие мен білім беру аламын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастыруына негіз болады деп ойлаймын. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес.

Сондықтан, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дертін одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолданып, қандай да болсын түрде қарсы тұру керек.

Б.ҚАЛДЫБЕКОВ,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық
инспекциясының бас маманы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «24» сәуір 2025 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді. АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «24» апреля 2025 года на повышение и понижение.

№ р/н п/п	Объектінің атауы/Наименование объекта	Орналасқан орын / Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Жилой дом/ тұрғын үй	г. Қызылорда, ул. Абсаттар Жұмадуллаева пер. д. 2, Қызылорда қаласы, Әбсаттар Жұмадуллаев көшесі тұйығы 2 үй	общей площадью – 81,50 кв.м., жилой площадью – 47,30 кв.м., жалпы ауданы 81,50 ш.м., оның ішінде тұрғын ауданы 47,30 ш.м.	13 148 069 тенге/тенге	657 403,45 тенге /тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ. Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-да сауда-саттық өткіздерден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСІВКЗХ, ИИК КЗ218560000000274901.

Сауда-саттық өткізділетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі. 54.

Сауда-саттық басталатын уақыт: ЛОТ 1 – 15 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Смайыл М.Ә.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79212.

87479358394.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Қызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСІВКЗХ, ИИК КЗ218560000000274901.

Место проведения торгов – г.Қызылорда, ул.Байтұрсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 15 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Смайыл М.Ә.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел.: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79212.

87479358394.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 23717

Тапсырыс №600

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz